

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. -2019. - Т.II, Ч 1 - С.205-207

АСТАНА ҚАЛАСЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Құрманжан А.Е.

Азық-түлік белдеуі - халықтың кез-келген уақыттағы физикалық, сонымен қатар, экономикалық негізде қауіпсіз азықпен қанағаттандырылу жағдайы мен жүйесі. Бұл әрбір елдің аграрлық және экономикалық саясатындағы басты мақсатпен міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2008 жылғы халыққа арнаған Жолдауында елдің дамуындағы ауыл шаруашылығының маңыздылығын айта отырып, негізгі салада «азық- түліктік белдеуін қамтамасыз ету – мемлекет үшін өте маңызды міндеттердің бірі болып табылады» деп атап айтты. Осы міндеттерді жүзеге асыру қызметтер нарығын қалыптастырудың жүйесі негізінде аграрлы секторды материалдық-техникалық қамтамасыз етумен тығыз байланысты болып табылады.

Ауыл шаруашылығында азық-түлік проблемалары басым елде саяси-әлеуметтік тұрақтылық орнамайды. Бүкіләлемдік банктің есебіне сүйенетін болсақ, қазіргі уақытта тұрақсыздық, инфляцияның шарықтауы негізінде азық-түліктің қымбаттауы секілді қиындықтарға душар болып отырған отыздан астам мемлекет бар. Мысалы, 2008 жылғы әлемдік дағдарысқа қатысты тамақ өнімдерінің қымбаттау жағдайына сәйкес көптеген елдерде экономикалық кері толқулар көрініс тапты. Осыған байланысты Рим мемлекетінің саяси декларациясында аталғандай, кез-келген мемлекетке әрбір адамның денсаулығын сақтап қалу мақсатында халықты қауіпсіз және толыққанды азықты тұтыну құқығымен қорғау міндеттелуі тиіс. Қазақстанға КСРО елінен қалып қойған, сол кезден бері келе жатқан өндіріс пен азық-түлікке қажеттіліктің сәйкессіздігінен, ішкі нарықтың азық өнімдері импортына жоғары деңгейде тәуелді болу мәселесі пайда болды.

Елдің азық-түлік белдеуі жағдайын әлсіретіп алу қаупі, импорттан, яғни әлемдік аренадағы экономикалық және саяси конъюнктурадан халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайына тәуелді болуы, азық өнімдерінде денсаулық үшін көптеген зиян келтіретін микроэлементтердің болуынан өнім саны мен сапасының төмендеуі сияқты жағдайларға алып келеді. Қазіргі уақытта елдің азық-түлік белдеуіне қауіп төндірушілер ретіндегі кейбір ішкі қатерлерге мысал келтіретін болсақ:

- егін алқаптары аумағының азаю жағдайы және астық жинау деңгейінің төмендеуі;

- ауыл шаруашылық малдары өсу қарқынының кемуі;
- ауыл шаруашылығындағы азық-түлік өнімдерін сақтау және өңдеу салаларының толық дамымауы;
- ауыл шаруашылық өндірушілеріне жеңілдіктер мен кредиттеудің тиімді механизмінің аз болуы;
- жер ресурстарындағы тозу басымдылығы, топырақ құнарлығының төмендеуі және тұздану жағдайлары;
- импорттағы азық-түлік өнімдерімен ауылшаруашылық технологияларына тәуелділік өсу қарқынының жоғарылауы;
- табиғи апаттарға: жер сілкінісі, қуаңшылық, су тасқыны және т.б. жағдайларға дайындықтың болмауы;
- ауыл жастарының қалаға массалық тартылу қарқынының күшеюі, бұл ауылдық демографиялық дағдарысқа соқтырады.

Астана қаласының аумағында 55 өңдеуші кәсіпорын, оның ішінде ұн өндіретін 9 кәсіпорын, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді өндіретін 39 кәсіпорын, макарон өнімдерін өндіретін 1 кәсіпорын, шұжық өнімдерін өндіретін 5 кәсіпорын және ірімшік өндіретін 1 кәсіпорын жұмыс істейді.

Кесте-1 Астана қаласы аумағында орналасқан кәсіпорындардың өндірісі

Өңдеу өнеркәсібінің түрі	Зауыттар саны	Шикізатты өңдеудің жиынтық қуаттылығы, жылына тонна	Қуаттылықтардың нақты жүктелуі, %	Дайын өнім өндіру көлемі, тонна
Ұн өндірісі	9	260 623	60	157 213
Нан, нан-тоқаш, кондитерлік және ұннан жасалған басқа да өнімдердің өндірісі	39	66 707	60	40 024
Макарон өнімдерінің өндірісі	1	38 000	70	26 429
Етті өңдеу	5	2 124	71	1 510
Ірімшік өндірісі	1	3 000	37	1 116

Дереккөз: Астана қаласының әкімдігі

Тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларына сәйкес аталған кәсіпорындар Астана қаласы халқының ұнға, бидайдан жасалған нанға, макарон өнімдеріне деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Астана қаласының аумағында күріш, қарақұмық жармасы, қант, өңделген сүт, қышқыл сүт өнімдері (ірімшіктен басқа), сары май, күнбағыс майы және шай сияқты азық-түлік тауарлары өндірілмейді. Астана

қаласының тауық жұмыртқасына деген қажеттілігі қала аумағында орналасқан шаруашылықтар есебінен жабылады.

Қалған азық-түлік тауарлары бойынша өндіріс көлемі тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейінен төмен.

Кесте-2 Астана қаласы тұрғындарының азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі

Өнімнің атауы	Ең төменгі нормалар жылына 1 адамға кг	Астана қаласының ең төменгі нормалар бойынша бір жылға арналған қажеттілігі, тонна	Өнім өндіру көлемі, тонна	Қамтамасыз етілуі, %
1 с. бидай ұны	13	13 036	157 213	1206,0
Макарон өнімдері	4,41	4 422	26 429	597,6
Шұжық өнімдері	3	3 008	952	31,6
Қызанақ	5	5 014	431	8,6
Қияр	5	5 014	417	8,3
Балық	8,4	8 424	81	0,9
Жылқы еті	3,2	3 209	26	0,8
Сиыр еті	15	15 042	63	0,4
Қой еті	6,3	6 318	18	0,3
Құс еті	5	5 014	2	0,1

2017 жылғы 1 қаңтарда халық саны 1 002,8 мың адамды құрады 2-ші кесте мәліметтеріне сүйене отырып Астана қаласы халқын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша, мәселен 2017 жылы жұмыртқа өнімімен қамтамасыз ету 2016 жылмен салыстырғанда 30%-ға өскенін байқаймыз.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене келе Астана қаласының азық-түлік белдеуінің құрылған жылынан бастап осы жылға дейін өскендігін байқаймыз. Жан-жақты азық-түлік белдеуін дамыту жүйесінің мақсаты ол оңтайлы тұтынушы қажеттіліктерін қанағаттандыру және көбею процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін, сондықтан сапасы мен тауарларды өндіру құнының (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берілген деңгейіне қол жеткізуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2008 жылғы жолдауы.
2. 2011-2015 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы.

3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2013-2014 жылға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы.
4. Государственная агропродовольственная Программа Республики Казахстан на 2003–2005 годы: Утверждена Указом Президента РК от 5 июня 2002 года № 889. - Астана, 2002. - 304 б. Сельское хозяйство [Электронный ресурс] / Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике.

*Ғылыми жетекшісі: Орынбасаров Ә.Қ.,
экономика ғылымдарының магистрі*